

Еуразия экономикалық қоғамдастығының көлік дәліздерін қалыптастыру және дамыту жөнінде келісілген саясат жүргізу туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 тамыздағы N 825 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2005 жылғы 24 наурызда Астана қаласында жасалған Еуразия экономикалық қоғамдастығының көлік дәліздерін қалыптастыру және дамыту жөнінде келісілген саясат жүргізу туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

**ЕУАЗИЯ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҒЫ
МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ КЕҢЕС
ШЕШІМ**

2005 жылғы 24 наурыз N 205 Астана қаласы

**Еуразия экономикалық қоғамдастығының көлік дәліздерін
қалыптастыру және дамыту жөнінде келісілген
саясат жүргізу туралы келісім туралы**

Еуразия экономикалық қоғамдастығының Мемлекетаралық Кеңесі (үкімет
б а с ш ы л а р ы д е ң г е й і н д е)

ш е ш т і :

1. Еуразия экономикалық қоғамдастығының көлік дәліздерін қалыптастыру және дамыту жөнінде келісілген саясат жүргізу туралы келісім (қоса беріліп отыр) қ а б ы л д а н с ы н .

2. ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығы осы шешімнің 1-тармағындағы аталған Келісімді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және белгіленген тәртіппен ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің (үкімет басшылары деңгейінде) кезекті мәжілісінің қарауына енгізісін.

ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің мүшелері:

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>
<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>
	<i>Ресей</i>	<i>Тәжікстан</i>
<i>Федерациясынан</i>	<i>Республикасынан</i>	

Еуразия экономикалық қоғамдастығының көлік дәліздерін қалыптастыру және дамыту жөнінде келісілген саясат жүргізу туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

Тәжікстан Республикасы 1999 жылғы 26 ақпанда қосылған 1996 жылғы 29 наурыздағы Ресей федерациясы, Белоруссия Республикасы, Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы арасындағы Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы шарттың ережелерін негізге ала отырып,

Тәжікстан Республикасы 1999 жылғы 27 мамырда қосылған 1998 жылғы 22 қаңтардағы Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей федерациясы арасындағы Көлік одағын қалыптастыру туралы келісімді б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін көлік дәліздері желісін құру және дамыту жөніндегі үйлестірілген іс-қимылды жү з е г е а с ы р у м а қ с а т ы н д а ,

БҰҰ Еуропа экономикалық комиссиясы, БҰҰ-ның Азия және Тынық мұхит өңірі бойынша экономикалық және әлеуметтік комиссиясы және Темір жол ынтымақтастығы ұйымы жүргізіп отырған халықаралық көлік дәліздерін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысын назарға ала отырып,

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің географиялық орналасуын тиімді пайдалануға ұмтыла отырып,

Тараптар мемлекеттерінің халықаралық міндеттемелеріне сәйкес жолаушылар мен жүктерді транзиттік тасымалдау режимдерін бұдан әрі де жетілдіруге ниет білдіре о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Анықтамалар

Осы Келісімде мынадай терминдер қолданылады:

"Еуразия экономикалық қоғамдастығының көлік дәлізі (көлік дәлізі)" - Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арқылы өтетін (әртүрлі көлік түрлері тиісінше жайластырылған) және халықаралық қатынаста олардың барынша шоғырланған бағытында жолаушылар мен жүктердің тасымалын қамтамасыз ететін магистральдық көлік коммуникацияларының жиынтығы (қолданыстағылары сияқты жаңадан құрылып ж а т қ а н д а р ы д а) ;

"логистикалық орталық" - кемінде бір терминалды қамтитын, жүк тасымалдарымен

және ілеспе қызметтер көрсетумен айналысатын шаруашылық жүргізуші субъектілер мен органдардың аумақтық бірлестігі;
"аралас тасымал" - жүктерді екі немесе одан да көп көлік түрлерімен тасымалдау.

2 - б а п

Көлік дәліздерін қалыптастырудың және дамытудың негізгі мақсаттары

Көлік дәліздерін қалыптастырудың және дамытудың негізгі мақсаттары:

- 1) Еуразия экономикалық қоғамдастығының көлік дәліздері бойынша экспорт-импорт және транзит жүктерін, сондай-ақ жолаушыларды тасымалдауды қамтамасыз ету;
- 2) жолаушылар мен жүктерді жеткізу жылдамдығын ұлғайту, тасымалданатын тауарлар құнындағы көліктік құрамдас бөлікті төмендету;
- 3) Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің көлік-транзит әлеуетін пайдалану тиімділігін арттыру;
- 4) үшінші елдердің транзиттік жолаушылары мен жүктерін тарту;
- 5) Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының тасымалдаушыларына Тараптар өз тасымалдаушыларына ұсынатын жағдайлардан кем болмайтын жағдайларды ұсыну болып табылады.

3 - б а п

Бірлескен іс-қимыл жасау

Тараптар мынадай бірлескен іс-қимылды жүзеге асырады:

- 1) еуропа және азия мемлекеттерінің аумақтарын қосатын халықаралық көлік дәліздерін қалыптастыру және дамыту жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіреді;
- 2) Тараптар мемлекеттерінің көлік дәліздерінің бағыттары бойынша көлік инфрақұрылымын келісіп дамыту мен техникалық және технологиялық параметрлерін бірегейлендіру жөнінде шаралар қабылдайды;
- 3) көлік дәліздерін қалыптастыру және дамыту үшін шетелдік инвестицияларды тартудың келісілген саясатын жүргізеді;
- 4) мемлекеттік шекараларды кесіп өтуді регламенттейтін Тараптар мемлекеттерінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру жөнінде шаралар қабылдайды;
- 5) жалпы қағидаттарға негізделген және жолаушылар мен жүктерді тасымалдау, шекарадан өту, көлік дәліздерінің инфрақұрылымын пайдалану үшін алынатын ақы мен алымдарға қатысты тарифтік саясат жүргізуге жәрдемдеседі;
- 6) жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдау мен жөнелту жөніндегі бірлескен кәсіпорындарды ұйымдастыру және олардың қызметі үшін жағдай жасауға ықпал етеді;
- 7) көліктегі қауіпсіздікті арттыруға, қоршаған ортаны қорғауды және тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған іс-қимылдар үйлестіреді;

- 8) аралас тасымалдарды жетілдірудің жаңа резервтерін іздестіруге ықпал етеді;
- 9) халықаралық логистикалық орталықтарды орналастырудың оңтайлы сызбаларын жасауға ұмтылады.

4 - б а п

Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық

1. Тараптар көлік дәліздерін қалыптастыру және дамыту мәселелері жөнінде халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықтың қажеттілігін мойындайды.

2. Тараптар халықаралық көлік дәліздерінің жұмысын регламенттейтін халықаралық шарттарға тез арада қосылу үшін шаралар қабылдайды.

3. Тараптар көлік дәліздерін қалыптастыру және дамыту жөніндегі халықаралық көлік ұйымдарының жұмысындағы өз іс-қимылдарын үйлестіреді.

5 - б а п

Құзыретті органдар

1. Тараптар осы Келісім күшіне енгеннен кейін 30 күн ішінде Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитетін осы Келісімді іске асыру жөніндегі олар тағайындаған құзыретті органдар туралы хабардар етеді.

2. Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитеті жанындағы Көлік саясаты жөніндегі кеңес осы Келісімді іске асыру және осы үшін қажетті іс-шараларды әзірлеу жөніндегі үйлестіруші орган болып табылады.

6 - б а п

Қорытынды ережелер

1. Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің олар қатысушысы болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалды және депозитарий болып табылатын Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитеті осы үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін осы Келісімнің мақсаттары мен қағидаттарына ортақтасатын және өзіне тиісті міндеттемелерді қабылдауға дайын басқа мемлекеттердің оған қосылуына болады.

Қосылатын мемлекет үшін осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күннен бастап күшіне енеді.

3. Осы Келісімге өзгерістер енгізу Тараптардың келісімі бойынша жүргізіледі және тиісті хаттамалармен рәсімделеді.

4. Әрбір Тараптың ол туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жіберіп, осы Келісімнен шығуға құқығы бар. Мұндай Тарап үшін Келісімнің қолданылуы депозитарий көрсетілген хабарламаны алған күннен бастап 6 ай өткеннен кейін тоқтатылады.

Тараптардың біреуіне қатысты осы Келісімнің қолданылуын тоқтату жүзеге

асырылуы басталған бағдарламалар мен жобаларға әсер етпейтін, сондай-ақ егер Тараптар өзгеше туралы келіспесе, оның негізінде жасалған халықаралық шарттардың іс - әрекетін қозғайды.

5. Осы Келісімді іске асыру барысында туындайтын келіспеушіліктер мүдделі Тараптар арасындағы келіссөздер мен консультациялар жолымен шешіледі.

2005 жылғы 24 наурызда Астана қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқа данада жасалды. Осы Келісімнің түпнұсқа данасы Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметінен</i>	<i>Үкіметінен</i>	
	<i>Ресей</i>	<i>Тәжікстан</i>
	<i>Федерациясының</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметінен</i>	<i>Үкіметінен</i>	